WWW.AZRETSULTAN.KZ FACEBOOK.COM/AZRETSULTAN.KZ MUZEI_AZRETSULTAN

ЯСАУИ МҰРАСЫ

Республикалық мәдени-танымдық газеті. №6 (27) маусым 2019 жыл 2016 жылғы 14 қазаннан бастап шыға бастады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ҮШІН ДАУЫС БЕРІЛГЕН САЙЛАУ

Қазақ елінің алдағы даму бағдарын айқындауда үлкен маңызға ие Президент сайлауы да өтті. Саяси науқанға жауапкершілікпен қараған сайлаушылар өз таңдауларын жасады.

Бүкіл ел құлақ түрген жер-жердегі дауыс беру процесі туралы елордадағы Орталық сайлау комиссиясынан хабар таратылып, сайлаудың әр сәті сайлаушылардың белсенділігімен өлшенді десе де болғандай. Қазақстан халқының біртұтастығының айқын көрінісіндей көгілдір экранда өңірлердегі сайлау барысы кезең-кезеңімен ел назарына ұсынылып жатты.

Сайлау күні еліміз және шетелдерде 9967 сайлау учаскесі жұмыс істеді.

Шетелдегі 15 мемлекеттің ішінде 17 сайлау учаскесі бар. Олар – Оңтүстік Корея, Жапония, Қытай, Малайзия, Моңғолия, Сингапур, Таиланд, Индонезия, Қырғызстан, Ресей, Үндістан, Пәкістан, Түрікменстан, Өзбекстан және Тәжікстан. Ал жалпы тізімге енген сайлаушылар саны 11 947 995 болған. Учаскелік сайлау комиссиялары есептен шығару куәлігін 35 951 адамға берген. Бұл есептен шығару куәліктерін алған сайлаушылар кез келген басқа сайлау учаскесінде жеке куәлігі мен есептен шығару куәлігін көрсету арқылы дауыс бере алады.

Сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Василенконың баяндауынша шетелдерде 8 мыңнан аса қазақстандық дауыс берді, биылғы 9 маусымдағы деректерге сәйкес шетелдегі сайлаушылар тізіміне 15 349 азамат тіркелген. 12 учаскеде Қазақстанның қоғамдық бірлестіктері мен коммерциялық ұйымдарынан және ТМД миссиясынан 35 байқаушы қатысты.

Еліміздің Бас прокуратурасы Қоғамдық мүддені қорғау қызметінің басшысы Сапарбек Нұрпейісовтің мәлімдеуінше өрескел құқық бұзушылық тіркелген жоқ. Сайлау учаскелеріндегі жағдай қалыпты, дегенмен сайлау заңнамасын бұзудың 19 фактісі анықталған. Бірнеше бюллентень беру әрекеті бойынша 12 іс, екі немесе одан көп бюллетень салудың, басқа сайлаушы үшін дауыс берудің 6 фактісі бойынша іс қозғалды. Осы жерде айта кету керек заң бұзушылыққа жол берген комиссия мүшелері жұмыстарынан шеттетілді. Қызылорда қаласындағы 251 сайлау уческесінде бір сайлаушыға 5 бюллетень берілгені тіркелді. Оған 110-бап бойынша әкімшілік іс қозғалып, 25 АЕК көлемінде айыппұл салынды. Жалпы, екі-үш бюллетень беру фактісі бойынша Алматы қаласында, Алматы, Түркістан облыстарында, елордада екі учаскеде прокурорлар 108-баппен іс қозғады.

Хош, сонымен алдын-ала сайлау қорытындысы бойынша – Қазақстандағы сайлаушылардың 77,4 %-ы сайлауға қатысты. Жалпы бұл сайлауда еліміз бойынша тізімге енгізілген сайлаушылардың 77,4%-ы дауыс берді. Олардың ішінде Ақмола облысында – 83,4%, Ақтөбе облысында – 84,9%, Алматы облысында 89%, Атырау облысында – 71,2% Шығыс Қазақстан облысында – 84,9%, Жамбыл облысында – 81,3%, Батыс Қазақстан облысында – 66,3%, Қарағанды облысында – 77,3%, Қызылорда облысында – 81,6%, Қостанай облысында – 84,1%, Маңғыстау облысында – 68,9%, Павлодар облысында – 81,2%, Солтүстік Қазақстан облысында – 79,8%, Түркістан облысында – 84,8%, Нұр-Сұлтан қаласында – 68,9%, Алматы қаласында – 52,2%, Шымкент қаласында 67,6% халық дауыс берді.

Ел бірлігі таразыға түсіп жатқан сәтте Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Елордадағы Оқушылар сарайында Қазақстан Республикасының Президентін сайлау рәсіміне қатысып, дауыс берді.

Елбасы бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері алдында сөйлеген сөзінде

– Бүгін азаматтарымыз сайлауға қатысып, дауыс беріп жатыр. Сайлау науқаны барлық елде және әрдайым халық үшін тарихи сәт саналады. Азаматтар ел Президентін ғана емес, сонымен қатар өз болашағы мен тағдырын таңдайды, – деді.

Елбасы, сондай-ақ, биылғы президент сайлауының ерекшелігіне тоқталды.

– Биылғы сайлаудың ерекшелігін білесіздер. Мен президенттік өкілеттігімді тоқтатып, жастарға жол бердім. Бұл – дұрыс шешім. Төңірегіміз түгел дамып келеді. Қазақстанды жаңа белеске бастау үшін ел басшылығына озық ойлы жаңа буын келуі керек. Президенттік өкілеттігімді тоқтату жөніндегі шешімім бүкіл әлемде түсіністікпен қабылданды. Мен көптеген елдің көшбасшыларынан хат алдым. Олар Қазақстанда билікті беру процесінің бейбіт жағдайда өтіп жатқанын жоғары бағалауда, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Соңында Нұрсұлтан Назарбаев барша қазақстандықтарға амандық, елімізге тыныштық пен бақ-береке тіледі.

Үміткер Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті сайлауында

Нұр-Сұлтан қаласындағы «Астана Опера» театрында орналасқан №115 сайлау учаскесіне барып, дауыс берді.

Журналистер алдында сөйлеген сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев Президент сайлауының тарихи күн екенін атап өтті. Ол билік тарапынан сайлаудың ашық әрі демократиялы өтуі үшін барлық жағдай жасалғанын айта келе:

→2

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯДА МУЗЕЙДЕ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын дәріптеу аясында «Түркістан – түркі әлемінің бесігі» атты Халықарлық конференция өтті.

Басқосудың мақсаты – Түркітілдес елдердің рухани астанасы – Түркістан қаласының тарихы мен фольклоры және мәдениетінің халықарлық өркениеттегі маңыздылығын айқындау, тәжірибе алмасу, пікірлермен бөлісу болып табылады.

Ғылыми конференцияға халықаралық Түркология академиясының профессорлық-оқытушылық құрамы мен Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан елінің профессор ғалымдары, Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ректоры Болатбек Абдрасилов, Мармара университетінің докторы, профессор Жеңгиз Томар, Халықаралық Түрік академиясының ғылым бөлімінің аға сарапшысы, профессор Қадыралы Қоңқобаев, Өзбекстан Ғылымдар академиясының профессоры Сарыгүл Бахадырова және еліміздегі тарихшы-ғалымдар қатысты.

Конференцияда ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Нұрболат Ахметжанов «2018-2022 жылдарға арналған «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің даму тұжырымдамасы» бойынша баяндама жасап, қорық-музей аумағындағы тарихи орындарды қайта қалпына келтіруде кезең-кезеңімен жүзеге асып жатқан жұмыстар, қорық-музейде атқарылған іс-шаралар, туристік орталықты қалыптастыру, туристік бағытты дамыту, мектеп туризмін жандандыру, оқушылармен байланыс сынды көптеген ауқымды мәселелерге тоқталды.

Конференция аясында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі арнайы көрме ұйымдастырды.

Көрме экспозициясында 20-дан астам фото-картиналар мен Әмір Темір сыйға тартқан XIV ғасырдың құнды жәдігерлері шырағданның, лауха және қолжазба хаттардың түпнұсқалары қойылды.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

ТҮРКІСТАН ЖАЗИРАСЫНЫҢ ӨЗЕН-СУЛАРЫ

«Түркістан» деген атауға бағзы замандарда аса үлкен аймақтар мен елдер енгені белгілі, алайда, біз ауданымыздағы өзен-суларды ғана бұл еңбекке арқау етпекпіз.

Қазіргі Түркістан ауданы территориясы археология, тарих ғылымдарында Түркістан жазирасы (шұраты) деп айтылатыны белгілі. Бұлай деп айтылуына мұнда шоғырланған отырықшылық (егіншілік) мәдениеті ескерткіштерінің аса тығыз орналасуы мен басқа жазиралармен салыстырғандағы ерекшеліктері себеп болған. Ықылым замандардан мұнда өмір сүрген адамдардың тұрақтарының тау өзендері бойына тізіле орналасуы оның басты ерекшелігі зер сала болып табылады. Шын мәнінде тарихи, археологиялық карталарға қарасаңыз өзен бастауларынан етегіне дейін адамдардың тұрақтары, қоныстары, қалалары, егіншілік алқаптары, арықтары, кәріздері екі жағалауға тізіле орналасқандығын байқар едіңіз.

I. Түркістан жазирасымен Сырдария өзенінен басқа, таудан бастау алатын 13 өзен мен жылға ағып өткен, оның біреуі көрші Жаңақорған ауданында. Қазіргі күні ірі-ірі тау өзендері бөгеліп, су қоймалары құрылып, су реттегіш жүйелер жасалынған. Біз әрбір ірі-ірі су жүйелері суландырған аймақты сонда орналасқан егіншілік жүйесі мен аса ірі де көне қалалардың атымен атап 8 кішігірім жазираға бөлмекпіз. Олардың алғашқысы Жаңақорған мен Түркістан аудандарының шекарасына орналасқан **Сауран кіші жазирасында** Бесарық, Тастақсай, Үшөзен, Майдантал, Ашылған және Шығыр өзеншелері ағып өтеді. Сонымен бірге, бұл жазирада 220-дан аса кәріз жүйесі орналасқан, олардың жалпы ұзындығы 110 км-ге жуық. «Кәріз» дегеніміз жер асты суын тау етегінен төмен қарай тізіле қазылған құдықтарды туннель арқылы бірбірімен жалғап жер бетіне шығару жүйесі. Кәріздердің ұзындығы бірнеше жүз метрден бірнеше шақырымға дейін созылады да ең соңғы құдықтың диаметрі аса үлкен етіліп қазылып су жер бетіне барынша жақын тұрады және оны жанындағы арықтарға шығырдың көмегімен көтеріп шығарады.

Өкінішке орай, бұл күндері жоғарыда аталған өзен, жылғалардың көбі құрғап қалған, кәріздер тартылып кеткен, тек сорабы ғана сақталған. Олардың жағалары мен сағасына Ақтөбе I, Ақтөбе II, Шаш ана, Қаратөбе-Сауран, Төрткүл-Қаражон, Шығырлы I, Шығырлы II, Сауран, Міртөбе, Жалғызтам және Жаңа Сауран сияқты қоныстар мен қалалар орналасқан.

→2

ГАУҺАР АНА КЕСЕНЕСІНІҢ АЙНАЛАСЫ ЖАҢАША КЕЙІПКЕ ЕНЕ БАСТАДЫ →2

КЕСЕНЕГЕ КӨРІК БЕРГЕН ЕСІКТЕР →3

ЖОЛБАРЫС ХАН АБДУЛЛАҰЛЫ →4

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ

Қасиетті Рамазан айы басталған күні «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі кеңсесінің кіреберісіне пітір садақа үшін арнайы жәшік орнатылған болатын.

Ораза айының соңғы күні музей қызметкерлері мен келушілер тарапынан жиналған қаржы қорық-музейде қызмет ететін аз қамтылған, мүгедек баласы бар, асыраушысынан айрылған, және көпбалалы отбасыларға табысталды.

Жиын барысында «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің директоры Нұрболат Қадырұлы музей қызметкерлерін келе жатқан Ораза айт мерекесімен құттықтап, қызметкерлердің жұмыстағы белсенділіктері мен сіңіріп жатқан еңбектеріне алғыс білдірді.

«Баршаңызды мұсылман әлемінің ең бір қастерлі мерекесі - Ораза айт мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Осынау қастерлі күнде Сіздерге рухани күш-жігер, жарқын көңіл, табыс, зор денсаулық және бақ-береке тілеймін! Қасиетті Ораза айт мерекесі арамыздағы ынтымағымызды нығайтып, шаңырағымызға бейбітшілік пен мол ығылығын әкелсін!», – деді қорық-музей директоры Нұрболат Ахметжанов.

ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНА АРНАЛҒАН КӨРМЕ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіндегі кітапхана бөлмесінде «31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне» орай фото және кітап көрмесі ашылды.

Қазақ тарихындағы тұғыры биік тұлғалар жайлы қорық-музейдің ғылыми-зерттеу бөлімінің кіші ғылыми қызметкері Индира Джалишева баяндама оқып, әр жәдігердің құндылығы жөнінде ақпарат берді.

Көрмеге репрессия жылдарына арналған әдеби кітаптар, тарихи суреттер, тұлғалар жайлы деректер, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалар қойылды.

Құйтырқы саясаттың құрбанына айналған кінәсіз халық пен елдің бодандықтағы басын бостандыққа сүйреген зиялылардың ауыр тағдыры жайлы қысқаметражды деректі фильмді тамашалаған жиынға қатысушылар аға буынның көрген азабы таңбалы тарихтың төл беттерінде мәңгілік өшпейтінін жеткізді.

«Алаштың арыстары аңсаған күн – бүгінгі Тәуелсіздік. Тәуелсіздік – ұлтымыздың мұраты, бабаларымыздың арманы, тұлғаларымыздың оққа ұшқан бейнесі, аналарымыздың сағынышы. Арыстарымыз атылып, асылып, жер аударылса да азат күннің ақ таңының сәулесіне жол ашып кетті. Әрбіріміз ұлт зиялыларын, жазықсыз шейіт болған халқымызды мәңгілікке ұмытпай, қадір тұтуымыз тиіс. Көрмеде тұрған әрбір тарихи мұра – елінің ертеңін көксеген тұлғаларымыздың өшпес іздері»,- деді «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі директорының орынбасары Мұрат Тастанбеков.

Көрме бір ай бойы музейге келушілер мен кітапхана оқырмандарының назарына ұсынылады.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛДІ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде мүмкіндігі шектеулі жандардың жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасау мақсатында Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне апаратын жол мен кіреберіс тұсы мен ғимарат ішіне арнайы пандустар орнатылды.

Сондай-ақ, қорық-музейге келуші мүмкіндігі шектеулі жандар кесене ішінде арнайы кресло-арбаларды да пайдалана алады.

Айта кетсек, өткен жылы мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қолдау бағдарламаларын іске асыру мақсатында ізгілікті шара өтіп, Алматы қалалық мүгедектер қоғамы да Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне келушілерге арналған жылжымалы пандус сыйға тартқан болатын.

ГАУҺАР АНА КЕСЕНЕСІНІҢ АЙНАЛАСЫ ЖАҢАША КЕЙІПКЕ ЕНЕ БАСТАДЫ

Түркістан қаласынан оңтүстікке қарай 4 шақырым жерде, Түркістан-Шәуілдір тас жолынан солға қарай 400-500 метр қашықтықта орналасқан Гауһар ана кесенесі күн санап жаңа кейіпке ене бастады.

XII ғасырда өмір сүрген ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің қызы Гауһар ананың қабір жапқышы жаңартылып, кілем мен қонақтарға арналған төсеніштер ауыстырылды.

Сонымен қатар, кесене мен құдық суына апаратын аяқ жол бойына арнайы құмыралар орнатылып, гүлдер қондырылса, аула тастардан тазартылып, түрлі-түсті әсем гүлдердің тұқымы себілді.

«Былтырғы жылы кесенеге келушілерге арналған автотұрақ салынып, айналасы темір шарбақпен қоршалды. Қауіпсіздікті сақтау мақсатында бейнекамералар орнатылды. Биыл да аталған кесене аумағында абаттандыру жұмыстарын жүргізу қарқынды түрде жүзеге асуда. Бірнеше жылдар бойы қат болып сіреспей жер арнайы техникалардың көмегімен жыртылып, ірі-ірі тастардан тазартылды. Бұл жерге тыңайтқыштар сеуіп, гүл, ағаш қондырдық. Сондай-ақ, құдық аумағына тас төсеу жұмыстары жүргізілді. Кесене іші тұрақты түрде әктелсе, автотұрақтың шарбағы сырланып, дәретхана да талапқа сай жөндеуден өтті», – деді Гауһар ана кесенесінің қорықшысы Оразғали Сапарбаев.

Гауһар ана кесенесі аумағын абаттандыру, тазалығын сақтау, келуші туристер мен қонақтарға жайлы жағдай жасау – күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі.

Айта кетсек, 2015 жылы Қожа Ахмет Ясауидің қызы Гауһар анамыздың кішігірім бейітіне «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі қайта кесене тұрғызды. Кесене аумағындағы негізгі жұмыстар қолға алынып, жантақ, шеңгел басқан аумақ гүлзарлармен абаттандырылып жүйелі түрде ағаш көшеттері отырғызылған болатын. Ескерту, белгі тақтайшалары қайта жаңартылып, Гауһар ана кесенесі туралы 3 тілде жазылған ақпараттық тақтайша орнатылды. Алыс-жақыннан ағылатын туристер легі көбейетін болғандықтан заманауи талапқа сай дәретхана салынды.

Гауһар ана кесенесі «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК құрамына еніп діни-рухани ескерткіштер ретінде тізімге алынған. Биылдан бастап, кесене маңына ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Сапар орталығы бой көтеріп, туристер үшін рухани орталыққа айналдыру көзделуде.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ҮШІН ДАУЫС БЕРІЛГЕН САЙЛАУ

←1

– Менің ойымша, әр сайлау, әсіресе Президент сайлауы «қақтығыс алаңы» емес. Бұл – үміткерлердің ұсыныстары, бағдарламалары бәсекеге түсетін дода. Біздің халқымыз елде болып жатқан саяси оқиғаларға ешқашан бей-жай қараған емес. Осы жолы да Қазақстан халқы өздерінің азаматтық белсенділігін танытып, мемлекетіміздің болашағы үшін дауыс береді деп үміттенемін, – деді.

Соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Президенті сайлауының қорытындылары бойынша отандық және шетелдік журналистер үшін баспасөз конференциясын өткізді.

Баспасөз конференциясына 66, соның ішінде 22 шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының атынан 107 тілші қатысты.

Иә, халық өз таңдауын жасады. Тізгінді кәнігі саясаткер Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолына ұстатқан отандастарымыз ел болашағына бей-жай қарамайтындығын танытып, ерен ауызбіршіліктің үлгісін көрсетті.

ТҮРКІСТАН ЖАЗИРАСЫНЫҢ ӨЗЕН-СУЛАРЫ

←1

Өзендерге келсек – ең ірісі Бесарық, ол Жиделіайрық, Әбзелтастақсай, Көкбұлақ, Тамғалытас, Қарынжарық, Жалдыбозсай, Айыржалбұлақ, Жаманбұлақ, Талдысу, Мүсіркепағашбұлақ, Қарабұлақсай, Тұрлығұлбұлақ, Ұзынбұлақ сияқты жылғалар мен көздердің суынан құралады. Бір кездері таудан аққан сулар осы маңдағы Сарыбұлақсай, Жалғызағашсай, Арнаарық, Бесарық, Шығыр деген бес арнаны суға толтырған, қазір алғашқы үшеуі Қолтоған су қоймасына біріктірілген. Бесарық өзі аттас су қоймасына құйылып одан ағып шыққан Бесарық пен Шығыр арықтары Тастақсайға құяды. Бұл құрғақ арық бір кездері Сырдың жағасындағы Көкшеге жетіп жығылған. Бесарық су жүйесінің жалпы ұзындығы 70 шақырымнан асады.

Сауран жазирасындағы екінші ірі су жүйесі – Майдантал өзені. Терең тау қойнауындағы Бақты, Жамантас, Сарымсақсай бұлақ – жылғалары бірігіп Үшөзенге айналады да тау етегіне шыққан соң, бір замандарда, Майдантал арнасына құйылған, ал, қазіргі күні Үшөзен суының бір бөлігі тас арық арқылы су қоймасына, екінші бөлігі егістікке кетеді. Майдантал өзенінің құрғақ арнасы №30 разъезге жақындағанда «Ашылған» деп аталып Сырға дейін жеткен. Осы үш бөліктен тұратын судың жалпы ұзындығы 67 шақырымға жуық.

II. Сауран жазирасының оңтүстігінде **Сидақ ата кіші жазирасы** орналасқан. Бұл жазирамен Көксарай, Жаңақорғанөзен, Тастақсай, Аша, Бозбұтақ, Жылағанатa, Ақтөбе, Табақбұлақ және Игілікөзен жылғалары ағып өтеді. Сонымен бірге, қолдан қазылған Бұлдырықарық, Сунақарық, Шорнақарық, Батырбас, Жаңғызжиде, Сасықбұлақ арықтары егістікке пайдаланылған. Осы өзен, жылғалардың бойында Көксарай I, Шорнақтөбе, Мазартөбе, Сидақ ата, Сасықбұлақ, Ақтөбе, Айнакөл-Бабай, Бұзауқорған, Саухым ата, Көксарай II, Төрткүл-Бабайқорған және басқа да қалалар мен қоныстар орналасқан. Суларына келсек, Игілік ауылының жоғарғы жағындағы Табақбұлақтан бастау алған жылға ауылдан өткен соң Игілік өзені деп аталған, қазіргі күн бұлақ бастаудан 11 шақырымнан соң тарап кетеді. Игілік өзенінің ұзындығы 23 км, ол Сауран стансасына барып бітеді. Қазіргі сақталған құрғақ арнаға Бұлдырық бұлағы құяды.

Тау қойнауындағы Жылаған ата, Бозбұтақ, Қоғашық бұлақ, жылғалары бірігіп Ақтөбе өзеніне айналады да Ақтөбе ауылының тұсында ұсақ арналарға бөлініп кетеді. Тек Ақсерке деген арнасы Бабайқорғанның солтүстік бетіндегі Тастақсай деген арнаға келіп құяды. Бір кездері бұл арнаның Бабайқорғанның ішімен өтетін Жаңақорған өзеніне келіп қосылған ізі әлі күнге сақталған. Ақтөбе өзенінің жалпы ұзындығы 30 шақырымға жуық.

Тағы бір ірі су көзі Теміртау, Жаңақорған т.б. бұлақтардың бірігуінен Көксарай деген өзенге айналып ескі Абай (Көксарай) ауылының тұсына жеткенде бірнеше жылғаларға бөлініп кетеді. Негізгісі Жаңақорғанөзен деп аталып Бабайқорғанның ішімен өткен соң Тастақсай, Найманарық деген құрғақ арналарға жетіп жоғалады. Бұл арналар Шорнаққа жете бере Найманарық Қызыл әскерге (Сунақ елдімекені) қарай бұрылып барып бітеді, ал Тастақсай Шорнақтан өткен соң Ашасай деп аталады. Ол Сидақ ата қаласының солтүстік-батысынан 600 м жерден өтіп Жайылма деген жерде бітеді. Бұл су көзінің жалпы ұзындығы 53 шақырым.

Басын Бабайқорғанның батыс жағындағы бұлақтардан алатын Батырбас арығы 6 шақырымнан соң екіге бөлініп тас жолдың батыс бетіндегі саласы Шорнақарық деп аталады да Шорнақтан өтіп барып жоғалады. Ал, басын Жаңақорған өзенінен алатын Сунақарық Қызыл әскерге (Сунақ елдімекені) қарай ағып Арыс-Түркістан каналына жетіп тоқтайды. Бұл арықтар мен Игіліктегі Мес бұлағы, Ақтөбе, Үржар және алда әңгіме болатын Шаға, Ташанақ, Қосқорған арықтары жайлы мәліметті XIV ғ. соңында Әмір Темір Әзірет Сұлтан кесенесіне берген «Вакфнаме» құжатын табамыз.

Жаңақорған өзенінің тағы бір саласы мен Сасықбұлақ жылғасы Үлгілі ауылының солтүстігіндегі Сасықбұлақ тоғанын толтырады. Тоғаннан Сасықбұлақ каналы ағып шығып Сунақ арығына қосылады да біршамадан соң одан Жалғызжиде арығы бөлініп шығады.

III. Сидақата жазирасының оңтүстік – шығысында **Қарнақ кіші жазирасы** орналасқан, ол Иреката, Бестоған, Ермексу, Ермекөзен, Қарсақты өзеншелері мен Тазадарарық ғаздар арығы, Шекербұлақ, Тасбұлақ, Жамбұлақ, Ащыбұлақ, Ақын тұма, Ясар бұлақ су көздерімен суландырылған. Сонымен бірге, мұнда көне заманғы Шаштөбе, Оқжетпес, Үштөбе I, II, III, Ақын тұма, Жүйнек, Ғартөбе, Оғызтау II, Қарнақ-Ішкент, Оғызтау I қалалары мен қоныстары орналасқан.

Тау ішіндегі Қасқаша, Қарасай бұлақтары қосылып Бестоған жылғасына айналады, оған жолда Иреката бұлағы қосылып Шерт (Құмайлықас) ауылынан өткен соң Ақсары су қоймасына құяды. Ақсарыдан шыққан бірнеше арық егіс даласына жеті-кесін сиырқұйымшықтанып жоғалады. Жалпы ұзындығы 30 шақырымнан асады.

Өрмек, Жүзімдік, Алтындық бұлақтары Ермексу жылғасына қосылып Шаштөбе ауылына жеткен соң Ермекөзен деп аталады, мұнда одан Тазадарарық (Таздар арығы) бөлініп шығады. Негізгі су Шаштөбедегі Ермекөзен су қоймасына құйылады. Тазадарарық Жарқора деген қырға дейін ағып барады, оның жалпы ұзындығы 23 шақырым.

Ермекөзеннен бөлінген Қызылсу деген арық ортағасырлық Қарнақ-Ішкент қаласын қоршаған орды суға толтырған, одан Қарасу арығы бастау алып қаланың ішімен цитаделін қоршай өтіп Нышан қақпасынан сыртқа шығады. Бұл арық бойына және одан бөлінетін Арғынарық бойына жалпы саны 13 су диірмені орнатылған. Арғынарық Коммуна (Жүйнек) елдімекеніне жетіп жығылады.

Ермекөзен Атабайдың (Қазіргі Қарнақ) ішімен өтіп, Шекербұлақты қосып Қарсақты сайына құяды да Нұртас ауылына жақындап барып жоғалады, жалпы ұзындығы 68 шақырымға жақын.

Жоғарыдағы Бестоған – Шерт суы деген атпен, Қарасу – Мір Қарасу деген атпен Әмір Темірдің вакуфнамасында және Қожа Ахмет Ясауи ата-бабаларының шежіресі «Насабнамада» кездеседі.

IV. Қарнақ жазирасының оңтүстік-шығысын ең суы мол **Қарашық кіші жазирасы алып жатыр. Суы мол Байылдыр, Бозбұтақ, Балаөзен, Балтабай жылғалары қосылып Байылдыр өзеніне айналады, ол жол бойы өзіне Жарбасқан бұлағын да қосып алып Оранғай ауылына дейін 49 шақырымға созылады.**

Алмалы, Жыңғылшек бұлақтары Біресек өзеніне құяды, ал, Талдыбұлақ пен Қантағы бірігіп Кентау қаласының шығысында Біресекке қосылып әрі қарай «Қантағы» деген атпен ағады да Құшата, Оранғайдан өтіп барып, Байылдырға қосылып Қарашық өзенін құрайды. Қысы-жазы тартылмайтын бұл өзен Теке ауылынан өткен соң сазбатпаққа айналады. Қарашықтың бастауларын қосқандағы жалпы ұзындығы 95 шақырымға жуық.

Жазираның ірі өзендері – Қызылата, Байылдыр, Біресек, Қантағы және Қарашық. Бұл сулардың бойында Қазтөбе, Қарашық I, II, III, Мейрамтөбе, Қантағ, Хантағы I, II, Оренг, Төрткүл I – Қарашық, Төрткүл-Құшата, Балақорған, Қызқорған, Кент, Төрткүл II – Қарашық, Күлтөбе-Оранғай, Жылан-Қарауыл бекіністері, қалалар мен қоныстары орналасқан.

V. Қарашықтан соң **Шаға кіші жазирасы** орналасқан, бүгіндері ол суландырылуы жағынан ең төмен жазиралардың бірі. XX ғ. басындағы жазба деректерде Шаға ауылының маңында 20-дан аса бұлақтың болғандығы, Жоғарғы Ташанақ ауылының солтүстігі де бұлаққа мол, қалың ағаш басқан жер екендігі, ауылда бірнеше су диірмені жұмыс істейтіндігі әңгіме болады. Жазираның алғашқы су көзі Қотырбұлақ Құшата ауылына шығыстан ағып кіріп, Қантағымен қатар ағып барып оңтүстікке бұрылады. Бас жағында Қотырбұлақтан бөлініп шыққан Арнасай Қосқорған жаққа қарай ағады да Найсабарық деген атпен қазіргі «Ынтымақ» ауылына бағыт алып Арыс-Түркістан каналына жетпей бітеді.

Екінші су көзі Шоқытастың маңындағы көптеген бұлақтардан құралып Қараөзен деген жылғаға айналады да басын Шаға шатқалындағы Қайнарбұлақтан алатын жылғамен қосылып Шаға өзеніне айналады. Ол Шаға елдімекенінен өтіп Жоғарғы Ташанаққа жетіп жоғалады, жалпы ұзындығы 21км.

Тағы бір су бастауын биіктігі 1475 метрлік Аққұз шыңы айналасындағы бұлақтардан алатын Құрысай өзені бір кездері Шағаға дейін жеткен, әлі күнге ізі де сақталған. Бұл өзен қазіргі күні Кентау – Ащысай жолынан өткен соң жоғалады, жалпы ұзындығы 35 шақырым шамасында. Кезінде бұл жазираның елді мекендері, негізінен, бұлақ бастауларында қалыптасқандығына Бершінтөбедегі осы аттас бұлақ, қасындағы Қаратөбе түбіндегі Табақбұлақ, Шаға II қонысындағы Жиделібұлақ, одан жоғары Құмбұлақ, Қозыбайбұлақтар дәлел болады, бұл елдімекендер бұдан екі мың жыл бұрын қалыптасқан отырықшылықтың ескерткіштері.

Шаға жазирасын Шағаөзен, Қараөзен, Құрысай өзеншелері, Қотырбұлақ, Қарабұлақ, Қайнарбұлақ, Қалдарбұлақ, Тасбұлақ,Табақбұлақ, Метбұлақ, Мүсәлібұлақ, Ақбұлақ, Сасықбұлақ су көздері мен Найсаб, Арнасай, Қайнар, Ташанақ, Шұқырұзын арықтары суландырған. Бұлардың ішінен «Ташанақ, Қошкурган, Чага, Суки Таш (Шоқтас), Карабулак» сияқты арықтар Ахмет Ясауи әулетіне қатысты «Насабнама» – шежіресі түрлерінде кездеседі. Аталған су көздерінің бойында Бершінтөбе, Шаға II, Шаға III, Қотырбұлақ, Шаға I, Тағайыната, Қосқорған, Әбд әл-Мәлік-Ташанақ, Жоғарғы Ташанақ сияқты қалалар мен қоныстар орналасқан.

VI.Иқан кіші жазирасы Түркістан ауданының оңтүстік-шығыс шекарасына орналасқан. Алғашқы ірі су көзін Сырнай бұлағы мен Иқансу жылғасы құрайды, оларға Талдысай және Талдыбұлақтанбіріккен жылға қосылып Иқансу өзеніне айналады да Ибата (Ибадулла ата) елді мекенінен өтіп Ақтөбе ауылы тұсына жетеді. Мұнда ол «Атқы» деген атпен де белгілі, сірә, егіс суаратын атпа құралына байланысты болса керек. Әрі қарай Иқаннан өткен соң ерте ортағасырлық Майбалық қалашығы маңындағы егістікке бөліне тарап кетеді.

Жазирадағы ең үлкен су көзі Көкқиясай. Тау ішінде Терісаққан, Тұрлан, Рабатбұлақ қосылып Тұрлан жылғасын құрайды да Ащысайда оған Төртқара, Ақжарсай бұлақтары қосылып Көкқиясай өзеніне айналады. Иқансумен қатар аққан ол Ибатаға, одан әрі Ақтөбе ауылына дейін келеді де оңтүстікке бұрылып Арыс-Түркістан каналына жеткен соң Иқансудың ескі құрғақ арнасына түседі, одан әрі Түркістан-Шымкент жолынан өтіп дренаж ретінде қазылған арнамен Синаққөлге құяды. Бұл Қарашықпен бірге қысы-жазы ағатын аудандағы екінші өзен, оның жалпы ұзындығы 73 шақырымды құрайды.

Жазираның үшінші ірі су көзі Шылбыр және Рандысай, бұлақтарынан құралады. «Шылбырөзен» деген атпен белгілі бұл су көзі Қарақұдық қыстауынан 10 км өтіп барып егістікке тарап кетеді, жалпы ұзындығы 42 км.

Шекарадағы бұл жазираны Иқансу, Көкқиясай, Шылбыр өзендері мен Сасықбұлақ, Орманбұлақ, Көкбұлақ, Кішкенебұлақ және Бозтан, Иқансу, Шылбыр арықтары суландырады. Су көздерін бойлап Ақтөбе, Майбалық, Дәуленбайтөбе, Жаңа Асар, Ибата, Жүсіпата, Иқан қалалары мен қоныстары орналасқан.

VII. Қарашық, Шаға, Тамдыөзек кіші жазираларының ортасына осы аумақтағы ең кіші **Шауғар жазирасы** орналасқан. Оның жерін Жіңішке, Баулық, Сүйірарық, Ортақ, Дарбаза, Базарарық, Қазына, Беглік арықтары мен Жұқа кәріз, Бірлік кәріздері, Құмшық ата кәрізі, Кәрізарық сияқты су көздері суландырған. Арықтардың ең ірісі Жіңішке, ол басын Оранғайдағы Қожа тұмасынан алып, Түркістанға солтүстігінен ағып кіріп Ортақ егіс алқабын (Орталық базар, ЖБИ, Түрме орналасқан жерлер) суғаруға пайдаланылған. Кешеге дейін ағып жатқан бұл судың жалпы ұзындығы 20 шақырымға жуық болатын, одан бөлініп шыққан Дарбаза арығы «Ясы» қонақ үйінің түбінен Түркістан қаласының сыртын қоршаған орды суға толтыратын. Бұл орға Тастақ жылғасы мен Баулық арықтары да өз суын құйып, артық су Еврей мазараты алдымен ағып шығып темір жолға қарай бұрылып кететін. Аталған су көздері жазирадағы Шауғар-Шойтөбе, Ясы-Күлтөбе, Төрткүл-Сури, Шойтөбе I, II, Ескі Түркістан қалалары мен қоныстарын, оларды қоршаған егіс алқабы мен баубақшаларды суландырған. XIXғ. орыс жазба деректерінде Түркістан қаласын қоршап 70-тен аса бақтың орналасқандығы жайлы жазылған.

VIII. Ауданымыздың оңтүстік-шығысында Бөген, Көкқиясай, Иқансу өзендері мен жер асты суларынан нәр алатын Шошқакөл, Синаққөл, Қалғанкөл және Қалдыққөлдерден құралған үлкен су қоры орналасқан, олардың жалпы ұзындығы 25, ені - 6 шақырымды құрайды. Көлдер тұзды, саяз, жазға қарай тартылып кетеді, дегенмен, түрлі балықтар, құстар мекені болып табылады. Осы көлдердің ең батысындағы Қалдыққөлден Тамдыөзек арнасы ағып шығып оңтүстік-батысқа қарай 35 шақырымдай жерден өтетін Сырдарияға құяды. Ол дариямен Қамыстықақ өзегі арқылы жалғасады. Ежелгі дәуірде Тамдыөзектің жағасы мен Қалғанкөл, Шошқакөлдердің жағаларында елді мекендер өмір сүрген. Олар Қостөбе, Күншағыр, Құлантөбе, Қошқарбайтөбе деген атаулармен белгілі. Тамдыөзектің бойында Ақтөбе, Қорыстөбе қалашықтары, Сырға жақын тұсында Төрткүл-Қаратөбе қаласы орналасқан. **Тамдыөзек кіші жазирасы** деп аталатын бұл өлкенің жері егіске қолайсыз сортаң болып келетіндіктен өтегізінен мал шаруашылығы дамыған деп есептеуге, сонымен бірге, Иіркөл, Шаршынкөл, Сорқөлдер мен Сырдарияда балық аулау ісі де жолға қойылған деп жобалауға негіз бар.

Түркістан жазирасы тұрғындары негізінен түсті және қара металл қорыту мен өңдеу, егіншілік, мал шаруашылығы, балықшылық, аңшылық, қол өнері мен сауда-саттық кәсіпшіліктерімен айналысқан.

Еліміздің әрбір тұрғыны туған жерінің тарихынан жетік хабардар болса Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында міндеттегендей өскелең ұрпақтың ұлтжанды болып өсуінің алғы шарттарының жасалғандығы.

Марат ТҰЯҚБАЕВ,
археолог, ғалым

КЕСЕНЕГЕ КӨРІК БЕРГЕН ЕСІКТЕР

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Қақпа және Қапсырма есіктері туралы ғылыми-танымдық мәліметтерге сүйенер болсақ. XIV ғасырда Әмір Темір жасатқан есіктер Ясауи ілімінің сырын паш ететіндігіне тағы да бір көз жеткіземіз.

Адамның күнделікті тұрмыстіршілігінде жиі қолданылатын есік – халықтың дүниетанымында да, дәстүрлі ислам діні арқылы санамызда берік орныққан рухани әлемімізде де киелі, қасиетті саналады. Есіктің халық санасындағы киелілік мәні мен рәміздік мағынасы, табалдырыққа, тағы басқа есік бөліктеріне байланысты ырымдар мен тыйымдардан айқын көрінеді. Сондықтан да болар халық әдебиетінде есікке байланысты бейнелі ойлар, астарлы сөздер, мақал-мәтелдер жиі кездеседі. Бұдан дана халқымыздың әрбір тұтынған мүлкі мен заттарын мағыналандырып киелілік, қасиеттілік сипат дарытқаны, олардың әрқайсысына терең мән бере отырып ұрпағының ғибрат алуға деген ықыласын оятқан. Сондықтан да кесенедегі есіктерге зор мән беріліп, айрықша шеберлікпен, асқан талғампаздықпен, ғажап көркемдікпен әшекейленуі заңды. Осы құнды жәдігерлер біздің дәстүрлі мәдениетіміздің терең мазмұнынан, діліміздің сырлы әлемінен хабар беріп, жүрек түкпірінде ел-жұртымызға, туған халқымызға, төл мәдениетімізге сүйіспеншілігімізді қозғайтыны, өткеніміз бен бүгініміз арасында жаңды байланыс түзетіні хақ. Әзірет Сұлтан кесенесіндегі XIV ғасырдан сақталған жамағатхана бөлмесінің есігі – «Қақпа» және қабырхана есігі – «Қапсырманы» Сафар есімді шебер жасаған өкінішке орай толық аты-жөні белгісіз. Кесененің қалған есіктері 1978 жылы түгелімен жаңадан жаңғыртылып қойылған. Шеберлер есіктің берік және әсем жасалуымен қатар, рәміздік мән-мағынасын арттыру үшін оған символдық мәнге ие ою-өрнектер, терең мағыналы хадистер мен нақыл сөздердің бедерленуіне көңіл бөлінген. Жамағатхана бөлмесінің Қақпа-есігі (өлшемі – 3,7 х 2,1 м) екі жаққа ашылатын – ғимараттың оңтүстік порталының тереңінен орын алған негізгі есік. Ол екі бетінен ағаш, сүйек, алтын, күміс әшекей-өрнектермен әрленген. Әртүсті ағаш қиындыларымен және піл сүйектерімен жапсырып әшекейленген өрнектерінің біразы уақыт тезіне төтеп бере алмай тозып, жойылған.

Есіктің сыртқы бетіндегі өрнегі бедерлі белдеумен үш бөлікке бөлінген. Сегіз ұшты жұлдызшалардың өзара ұласуынан құралған бұл бедерлі өрнектермен тек белдеулер ғана емес жалпы есік жақтаулары да жиектей көмкерілген. Жоғары бөліктегі төрт бұрышты екі картуштың бетінде екі қатар араб жазуының алғашқы жартысы оң жақтауда, екінші жартысы сол жақтауда бедерленген. Бірінші қатардағы жазудың әріптерінің ұзындығы 0,10 м, жуандығы 3 мм, гүлденген куфа (куфи танзйини) қолтаңбасымен бедерленген. Екінші қатардағы жазу сулус қолтаңбасымен жазылған. Әріптердің ұштары барынша ұзартылып картуштың ішін тұтас алып тұр. Қақпа – есіктің жікжапқыш жарты бағанының орта белдеуінде сулус қолтаңбасымен таңбаланған сөздер бар. Бұл өрнектер ағашқа ойып өрнек салу арқылы таңбаланған. Есіктегі өрнектер үш деңгейлі тереңдікте бір-бірімен астаса ұласып, ғажайып симметриялық үйлесімде, қайталанбас әсем ою-өрнектер композициясын түзеді. Бұл келісім мен үйлесімнің сырлы әлемі Ислам дінінің жасампаз рухын ғаламның сұлулығын паш етердей. Белгілі бір затты ишаралайтындай символдық мағынаның өрнекке ұласуы немесе мән-мағынасы терең жазулар мен сөз тіркестерінің ою-өрнекке ұқсатылып немесе ою-өрнектермен астасып жатуы хәл ілімінің астарлы сырлы әлеміне бастайды. Жаратушы иенің шексіз ғылымына меңзеуімен қатар, ақиқатты танып білу үшін жаратылыс әсемдігіне ой жіберіп пікір қылуға шақырады. «Аллаға мадақ! Иә, Алла Тағала! Аллаға шүкір! Иә, Алла Тағала! Әулие жақсылардың қақпасы – бақыттың кені, әулие жандарды сүю – бақыттың кілті» деген сөздер жазылған. Есіктің көрнекі жерінен орын алған жазулардың Аллаға шүкір етуден және оны мадақтаудан басталуы – құлшылық-ғибадаттың асыл негізін көрсетеді.

Әулиелердің, яғни Құдайдың достығына жеткен адамдардың адам баласын екі дүниенің бақытына бастайтын жетекші болатынына нұсқайды. «Әулиенің қақпасына» келген, яғни олардың насихат сөздері мен өсиеттеріне ден қойып, мән-мағынасына жеткен Адам ұрпақтары үшін оларды бақытқа кенелтетін қазына бар. Ал, ол қазынаның қақпасын ашатын кілт – әулиенің махаббаты, яғни рухани ұстаздың назарын иелену екендігі айтылған. Парсы тіліндегі мәтіннің қазақ тіліндегі мағынасы:

Астанаңдағы (қасиетті табалдырығыңдағы) қызметші дәулетті болғай! Әулиенің басындағы қызмет – рухани жолды қалаған шәкірттердің әрқашан да зор құрметпен атқарған істері болған. Себебі, әулиенің шарапатынан үміт етіп келген халыққа қызмет жасау – Қожа Ахмет Ясауидің «топырақ болу» яғни, адамға риясыз қызмет жасау қағидасына сай келеді. «Қырықтың бірін – Қыдыр» деп білген халық нанымына сай зияратшылардың дұғасының шарапаты Әулиенің жолында қызмет жасаған әрбір адамға да тиіп, бақ-дәулет әкелетініне сенген. Қақпа-есіктің орта бөлігінде есікті қағуға арналған екі қола алқа мен оларды орнататын топса-тұғырлары бар тік төртбұрышты тақташалар орналасқан. Тақташалардың әрқайсысы ағаш есікке әшекейлі, үлкен төрт шегемен бекітілген. Алқаның топса-тұғырларында барыстың басы бейнесінде сомдалса, одан төменірек алқаның өзінде барыстың екі кішкене аланымен бейнеленген. Бұл барыс бейнелерінің сол жақ алқадағыларынының көздері ашық және үлкенінің жалы бар болса, оң жақ алқадағыларының көздері жабық және жалдары жоқ.

Қола тақташада алқаның ұрылып дыбыс шығаруына арналған сегіз жапырақшалы гүл бедеріндегі кішкене төстігі бар. Екі алқаны қаққанда дыбыс жиілігі әралуан, екі түрлі дыбыс шығатыны көңіл аудартады. Қола тақташаның жоғарғы жағы оймышты құйылған қошқармүйіз оюлардың жалғаса біріккен композициясынан тұрады. Тақташаның бетінде де өсімдік тектес, қошқар мүйіз және құс қанаты, құс тұмсығы, т.б. бейнелейтін оюлардың ерекше сәнді, үйлесімді өрнегі бедерленген. Алқалардың жалпы пішіні жүрекке ұқсайды, жиектері иректелген он төрт жапырақшадан құралған өрнектермен жиектелген және ортасындағы өсімдік тектес, қошқармүйіз оюлардың әсем де күрделі өрілімінен түзілген үйлесімді композиция орын алған.

Тайқазан құлақтарының, ту лаухасының сырт пішіндерінің жүрекке ұқсас етіп жасалуы, осы және басқа да кесене мүліктеріндегі оюларда жүрекке ишаралайтын өрнектер композицияларының көптеп кездесуі Ясауидің хәл ілімі хикмет дәстүріндегі жүрек танымына нұсқайды. Алқалардың үш жағында балық және құс бейнелері таңбаланған. Бір ескерерлігі көктегі, жердегі, судағы жануарлар әлемін бейнелейтін – құс, барыс, балық сияқты хайуанаттар суреттері осы есік сыртындағы алқалардан басқа жерде кездеспейді. Бұл алқаларды жиектей және тақташалардың жоғарғы бөлігінде ойылып жазылған, алтынмен апталып, күміспен күптелген парсы, араб тіліндегі насх жазуы бар. Қазақ тіліндегі мағынасы: Пайғамбар айтты, ол кісіге сәлем болсын: «дүние өткінші, сен дүниеде (Аллаға) бағынып өт». Қола тақташалардың оң жағындағысында басталып, сол жағында аяқталған Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадисінде дүниенің баянсыздығы айтылып қана қоймай, Аллаға мойынсұнуға бұйрық берілген. Шындығында адамның жалған дүниедегі өмірінің мәнге толып, мағынасы артуы үшін оның ақиқат жолды қалап, Аллаға мойынсұнуы, Оны жадынан шығармай әмірлерін бұлжытпай орындауы шарт. Сонымен қатар парсы ақыны Сағдидің Гулистан поэмасынан төрт шумақ өлең келтірілген: Біздің мақсат артқа өрнек қалдырсақ, Жаралыстың баяны жоқ аңдасақ, Ақ жүректі адам ұлы кез болса, Еске алып, дұға қылсын, біз бейбақ. (Сағди, Гүлстан) Бұл кең есік әр қашан достарға – құтты һәм ашық, жауға – тар әрі жабық болсын. Жаратылыс сырына үңіліп, пікір толғауға жетелейтін, терең символдық мәнге толы өрнекті алқаларда жазылған сыр шумақтардың мағынасы да аса терең.

Шебер өзінің қолынан шыққан өнер туындысын ғибратты өрнектермен әшекейлегенде, өзінің де бұл дүниеде мәңгі емес екенін, жаратылыстың да баянсыздығын ескере отырып, болашақ ұрпаққа өнеге, өрнек қалдырып, оның бағыштаған дұғасына мұқтаж екенін

де айтады. Яғни, алқаларда адам бақылыққа сапар шеккесін де оның еңбегінің, ізгі ісінің жемісі – қоғам игілігіне пайдаланатын заттарының сауабы және жақсылыққа бастар өнегесінің сауабы, сондай-ақ дұға бағыштаған ұрпағының сауабы ретінде тоқталмай жетіп тұратыны жайлы Пайғамбар (с.ғ.с.) хадисінің мәнісі таңбаланған. Халқымыздың бұл дүниедегі пенделердің тілек-дұғасының Алла дәргәйында қабыл болуы үшін Әулиелердің дәнекер боларына деген сенімінің Пайғамбар (с.ғ.с.) хадисіне негізделгенін, осы сөздердің Әулиелердің сұлтанының кесенесі есіктерінде таңбалануынан да байқаймыз. Адамның бұл ілімнен жан-дүниесінің бәһәра тауып, мейірі қануы үшін әулиелердің сұлтанының сырлы сұхбатына, осы күнге дейін жиылмаған хақтықтың дастарханына ізгі ниетпен, таза көңілмен келіп, үлес алуы керек дегенге ишаралайтын нақыл сөзі таңбаланған. Ал, бұл ілімді дұрыс түсінбей немесе бұрыс мақсатта пайдалану ниетіндегі адамның жанына ешбір пайда таппасы, тіптен өзі теріс пиғылының зардабын шегуі хақ. Сондықтан да бұл есік досқа ашық дұшпанға жабық. «Менің хикметтерімді дертсізге айтпа, Баға жетпес гауһарымды наданға сатпа», «Ясауи хикметін даналар естісін, Естіген жандар мұратына жетсін, Жауһар кенінен бір түйір алсын, Естімегеннің бәрі қасіретте қалсын», «Менің хикметтерім – кемел пір, Кім Құдайды таныса, жанымен бір», – деген Ясауи мінажаттарында бұл ілімнің салмағы мен жауапкершілігі, қадір-қасиеті ашылып айтылады. Терең мағыналы хадистерді Қақпа есіктің жоғарғы картушына және қола тақташалардың да жоғарғы жағына таңбалануы, қола алқалардың барынша биік орнатылуы – Алла қаләмін қасиет тұтқан халықтың салт-санасынан хабар береді.

Биік орнатылған қола алқалардың есікті ашатын тұтқа қызметінен гөрі, есіктің ашылып жабылғанын білдіретін есік қаққыш қызметін атқарып, әулие есігіне қадам басқан шәкірттің мойынсұну ниетінен хабардар қылатын символдық мәні басым болса керек. Кірер есіктегі барыстың көзсіз болуы – мойынұсынуды білдіріп, ұстаздың жолбасшылығына толықтай бағынған шәкірттің ханака табалдырығынан тәуекелмен аттағанының ишарасы десек, көзі ашық, жалы бар барыс бейнесі – ілкі-ілімді иеленіп, хақиқат жолының күрескері болып шыққан, рухани-адамгершілік кемелдікті мақсат еткен адамды ишаралайтындай. Шеберлердің жасаған бұйымдарында өз есімдерін таңбалап қалдыра отырып, әрдайым өздерінің дұғаға мұқтаж, Құдайға ғашық ғаріптік хәлдерін білдіруі олардың да Хаққа ғашықтықтың үлгісі болған Әзірет сұлтанның шарапатынан үміт күтетінін көрсетеді. Кесене ғимаратының, эпиграфиялық таңбаларының, ондағы жәдігерлердің аса көркем өрнектелуімен қатар, терең символдық мән-мағынамен байытылуы ол замандағы шеберлердің Машаихтардың ұлығының ілімінен сусындаған Ясауи тариқатының өкілдері екендігін айқындай түседі. Бұл күнде қақпа-есіктің орнына көшірме есік орнатылған. Көшірме есікте жазулар толық енгізілмеген және ою-өрнектер де түпнұсқаға толық сәйкес келмейді. Қосалқы бөлшектер тұтас берілмеген. Кесенедегі XIV ғасырдан сақталып келе жатқан екі есіктің бірі қабірхана есігі – Қапсырма. Бұл (өлшемі – 2,5 х 1,4 м) есік орта ғасырлық оюлы есіктердің тамаша үлгісі болып табылады. Жалпы пішіні Жамағатхана есігіне ұқсас екі жақты ашылатын Қабірхана есігі Жамағатхананың төрінде орналасып, Қабірханамен аралықты жалғастырады. Есіктің маңдайшасында үлкен қаңылтыр тақташа бар және оның жақтауы мен босағасы қаңылтырмен қапталған.

Осы (тұтас күйіндегі өлшемі – 3,5 х 1,65 м) П тәріздес қаңылтыр қаптамалы босағада геометрияланған медальондар тізбегі ішіне сулс қолтаңбасымен зерленіп, алтынмен апталған жазулар бар. Есіктің өзі үш бөлікке бөлінген. Жоғарғы жағындағы екі шаршының ішінде оң жағында басталып, сол жағында аяқталатын, гүл өрнекті оюлармен астасқан сулс қолтаңбасымен ағашты ою арқылы бедерлеп жазылған Пайғамбардың (с.ғ.с.) хадисі орын алған. Есіктің ортаңғы бөлігінде, жарты баған жікжапқыштың екі белдеуінде куфи қолтаңбасымен парсы тілінде жазылған жазу бар. Есіктің жоғарғы тұсында екі алқаның дөңгелек қола тақташалары (диаметрі – 15 см.) және гүлге ұқсас сегіз жапырақты кішкене төстігі сақталып, алқаларының өздері жоғалған. Деректер бойынша жоғалған алқалар қақпа есіктің алқаларына ұқсас, сондағы жазулар да қайталанып жазылған. Бұл алқалардың суретін 1905 ж. А. Гуржиенко салған.

Гүл жапырақшаларына ұқсатылып құйылған дөңгелек қола тақташа айналдыра суле қолтаңбасымен өрнектелген жазулардан құралған. Бүгінде босағасында жазылған жазулардың көп бөлігі өшіп қалған, кейбір жерлері ғана оқылатын, қаңылтырлары барынша қарайған.Есік заманында өте әдемі болған жазуларда Құран аятынан үзінділер және хадистер мен даналық сөздер кездеседі. Қазақ тіліндегі мағынасы: Пайғамбар, ол кісіге сәлем болсын, айтты: «Алланың сыйы – қақпасына келіп сұраған момынға [беріледі]» Мәтін парсы тілінде: Қазақ тіліндегі мағынасы: Құтты болсын.

Қазақ тіліндегі мағынасы: Иә, Рахымды [Алла]! Иә, Пәк [Алла]! Иә, Дәлел [Алла]! Иә, Мейірбан [Алла]! Иә, Міндеттеуші [Алла]! Иә, есеп сұраушы Патша [Алла]! Қазақ тіліндегі мағынасы: Пайғамбар, ол кісіге сәлем болсын, айтты (1) «…әй мүлік иесі Алла! [Кімге қаласаң] мүлік бересің….» Пайғамбар, ол кісіге сәлем болсын, айтты: «уақыты өтпей тұрып намаз оқуға асығыңдар, ажал келмей тұрып тәубаға келуге асығыңдар». Алланың елшісі рас айтты. Пайғамбар, ол кісіге сәлем болсын, айтты: «ілім іздеу – барлық мұсылман еркекке және әйелге парыз». Алланың елшісі рас айтты. Ол кісіге игілік болсын. Пайғамбар, ол кісіге сәлем болсын, айтты: «дүние өткінші, сен дүниеде (Аллаға) бағынып өт». Пайғамбар, ол кісіге сәлем болсын, айтты: «дүниеде сый-құрметке бөлену – мол байлықпен болса, ақыретте сый-құрметті иелену – дүниедегі ізгі істердің көптігімен болады». Пайғамбар, ол кісіге сәлем болсын, айтты: …иә, Алла Мұхаммедке игілік бер. …Мұхаммед…. …әл-Хасанға және Хусайынға, … мухажирлер мен ансарлар…. …Алла жақтан бір көмек және жақын бір жеңіс бар (3)…. …Алла. Мұхаммед. Хасан. «Алланың сыйы» – ладуни ғылым, яғни Ясауидің хикмет дәстүріндегі хәл ғылымы, Шәкәрімнің сыр сөздеріндегі ар ілімі деп білсек, онда осы ілкі ілімді иеленуге кім лайықты? Бұл ілімнің – «Оның қақпасына келіп сұраған момынға» берілетіні айтылуы хадистің мағынасына терең үңілуге жетелейді. «Қәл ғылымына оқыңдар, хәл ғылымына жетіңдер, жоқтық ішіне батыңдар, барлықтардан алыңдар» деген Ясауи хикметтерінің астарына үңіліп, осы ладуни ілім жайлы білуге болады. Адамның тек оқып білумен меңгеретін ілімі қәл ілімі болса, оны-мен қатар Алла тарапынан сый ретінде беріліп, жүрек тереңіне үңілгенде қол жеткізетін, хәл ілімі бар. «Жүрегіңнің түбіне терең бойла, одан тапқан – шын асыл тастай көрме» (Абай) дегендегі осы ілімнің жауһары – Хақ тағаланың Өзіне толықтай мойынсұнып сенген құлдарына беретін сыйы. «Мен ілімнің қаласы болсам, Әли сол қаланың есігі» деген пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисіне орай Әулиенің кесенесі, оның бүкіл құрылымы, ою-өрнектері, онда сақталған киелі заттардың барлығы, сондай-ақ кесене есіктерінің өздері де адам баласын екі дүниенің бақытына, сый-құрметіне, шексіз игілігіне еге қылатын тек осы ладуни ілім екеніне нұсқап, соны иеленіп, рухани-адамгершілік кемелдікке жетуге шақырып тұр.

«Хаққа нанып, момын болсаң тағат қылғыл, Тағат қылған Хақ дидарын көрер достар», «Хай зікірін айтып ішкен жами шарап, Жол үстінде ғазиз басың мысал топырақ, Алла үшін хәлі – харап, бауыры – кәуап, Жан мен ділде хай зікірін айтқын достар», «Заһир бұзып, батин түзе ғалым болсаң», «Ғамал қылған шын ғашықты дана қылды», «Хақиқаттың дариясына шомған кісі, Өзі мұңлық, көңілі сынық, көзде жасы, қорлық, зарлық, машақат қой дайым ісі, Дидарына ынтызар боп, табар достар» деген хикмет жолдарында Әулиелердің сұлтаны иман келтірген құлдың сипатын Хақ дидарына ғашықтық деп көрсетеді. Хаққа ғашық момынның тәубасымен күнадан тиылуы, тәуекелімен Ақиқатқа бел бууы тақуалығымен құлшылық-ғибадатын арттырып, зікір мен пікір амалдарын күшейтуі осы Алланың сыйы – ладуни ілімді иеленуге апаратын жол екені белгілі болады. Адам баласын «Махаббатпен жаратқан» Алла Тағала оған бұл дүниеде сый-құрметке бөлейтін, ақыретте де шексіз рахыметке жолықтыратын амалдарды міндеттеп, оның ішінде маңыздысы рухани ілім үйренуді парыз еткені хақ.

Адам дүниелік сый-құрметті иелену үшін бақ-дәулетке ұмтылатын болса – бұл ізденісі оны түбінде жалған дүниенің құлдығына салып, ақыреттегі бақытынан айыруы мүмкін. Ал, мәңгілік дүниедегі сый-құрметті қалаған Адам дүниелік байлықтың құлдығынан бас тартып, бұл дүниедегі өмірін ізгі істерді мейлінше мол атқарып ақыреттің байлығын жинауға арнағаны абзал. Бүкіл парыз етілген ізгі амалдардың, құлшылық-ғибадаттардың басты мақсаты, асыл мұраты адамды рухани-интелектуалдық кемелденуге жеткізу болса, осы жолда ілім үйрену де игілікті істерді мейлінше көп атқару әр адамның парызы екенін жоғарыдағы Пайғамбар өсиеттерінің мән-маңызынан ұғамыз.

Міне «Әзірет Сұлтан» кесенесіндегі есік-қақпалардан біз түйген ой осындай.

Күнсұлу ӘСЕТОВА,
ҚР Мәдениет саласының үздігі

21-ХИКМЕТ

Іллаһи, Кадри, Кәрім Пәруардигар!
Рахым қыл пендеңе ей, Гардигар.
Сыйындым құдіретіңе ей, Ілаһим,
Жаратқан барша галамды панасың,
Жарылқау Сенен, менен мінәжат,
Ей, Іллаһи, Зулжелал баршаға хажат.
Кәріміңмен кешіргіл, ей, асыл зат!
Азапты ақыреттен қылғыл азат.
Іллаһи, сары сайтаннан Сен сақтай гөр!
Жаза басып, жаңылсам Сен ақтай гөр!
Тәубә қылдым жаза басқандарыма,
Айықтым мастықтан, кешір, ағат басқандарыма.
Демеймін мен: шыбын жанды қайырма,
Ақырет күні иманымнан айырма.
Іллаһи, баршаның зарына рахым ет,
Қам көңіл бейшаралар датына рахым ет,
Күнәһар құлыңның Сен наласын көр,
Жаны дертті бейдауаның дауасын бер.
Іллаһи, Сен кешіргіл тағатым жоқ,
Алдыңда ылайықсыз ағатым көп.
Іллаһи, пәкизатыңның һүрметімен,
Сақтағыл бізді шайтан зақыметінен!
Іллаһи, баршаға құл болуды нәсіп ет,
Менмендіктен бізді әркез қашық ет.
Дауалық тауфиқ суынан ішкізе гөр,
Кәріміңмен өз күнәмді кешіре гөр,
Білместікпен мен күнәмді молайттым,
Көңілдерді қалдырып, зорлығымды зорайттым,
Күнәһар да болар бәлкім рахымға лайық,
Ей, Ахмет сен де бір сәт дұғаға бол муафих!

«100 АҢЫЗ» КІТАБЫ

ЛАЛА БИБІ (ГҮЛБИБІ)

Сыр бойы топырағы әулие-әмбиелердің ауазына қанық. Бір аңыз әңгімелерде Лала бибінің шын аты Гүлбибі екен дейді. Өлгенде қабірі басына әдемі гүл шыққан көрінеді. Бұл жердегі халық әлі қазақ, өзбек болып бөлінбеген тұс болса керек.

Олар қызғалдақ гүлін Лала деп атаған, кейде Дана бибі дейді. Тағы бір аңыз әңгімеде Қожа Ахмет Ясауи Сыр бойына келгенде бірінші Лала бибіге сәлем беріп, содан кейін басқа әулиелерге барады екен. Лала бибі өзі өте ақылды, елін ақылмен билеген, көріпкел ана болса керек. Өзінің жеңімпаз ақылдылығымен елін үнемі сыртқы жаудан қорғаған жан болған дейді. Әлі күнге халық ана басына зиярат етіп, қысылғандар медет, рух тілеп, барып тұрады. Лала бибі мазары Жаңақорған ауданы Мәшбек қонысының дария жақ бетінде орналасқан. Мазар сырты қоршалғанымен, ана қабірі сондағы ұрпақтарының ұқыпсыздығынан әлі толық жөнделмей келеді.

Тағы бір аңызда Қожа Ахмет Ясауи бір келгенде қасына қырық шақты серіктерімен осы Лала бибіге соқпақ болғанда қасындағы кісілері: «Лала бибінің күркесіне сыймаймыз, қалай болар екен?» – деп, тоқталып қалады. «Неге Хорасанға кете бермейміз?» дегендер де табылады. Хазірет өзі бастап Лала бибінің үйіне келеді. Тар үйіне кісі біртіндеп кіргенде құданың құдіретімен үй қабырғасы кеңейіп, бәрі де еркін сыяды. Қажетті тағамдарды пейіштен алдырып, бәрі ауқаттанып шығады.

Сонда әлгі кісілер еріксіз бас шайқап, мұның Қожа Ахметтің әулиелігімен болған іс екенін іштей сезсе де ештеңе айта алмаған екен деседі.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі жинақтаған «100 аңыз» кітабынан



БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

«ҚАСИЕТТІ ШАҺАР – БАЛАЛАР КӨЗІМЕН»

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде «1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні» мерекесіне орай «Қасиетті шаһар – балалар көзімен» атты фото көрме өтті.

Көрме экспозициясына 2018 жылы «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінде өткен жас суретшілердің «Астана және Түркістан» тақырыбында сурет салу байқауында үздік деп танылған фото суреттері қойылды.

Шараға Түркістан қаласының мектеп оқушылары мен ұстаздары, жас бүлдіршіндер, қала тұрғындары мен қонақтары және музей қызметкерлері қатысты.

«Мен өскенде суретші болғым келеді. Маған Тайқазанның суреті қатты ұнады. Музейге бірінші рет келдім. Бұл жердегі ағай-апайлар кесене ішін аралатып, таныстырды», – деді тәрбиешісімен бірге көрмені тамашалауға келген бес жасар Бекарыс Мағауия.

Шара аясында көрмеге келген оқушылар мен балабақша бүлдіршіндеріне қорық-музей атынан арнайы сыйлықтар табысталып, экскурсия жүргізілді. Сондай-ақ, бүлдіршіндер кесене ішіндегі құжыра бөлмесінде «Қазақфильм» киностудиясы әзірлеген «Күлтегін» анимациялық фильмін тамашалады.

Айта кетсек, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі - республикамыздағы іргелі музейлердің бірі ретінде мектеп туризмін дамыту, оқушылармен байланыс мәселелеріне де жіті мән беріп келеді. Жас ұрпақты тарихи құндылықтарды терең түсініп, құрмет тұтуға баулу мақсатында «Әзірет Сұлтан» қорық-музейіне мектеп оқушыларына жазғы және тоқсандық демалыс күндері тегін кіру мүмкіндігі қарастырылған. Жыл басынан бері музейге 61 343 оқушы тегін кіріп, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен музейге қарасты тарихи орындармен танысты.

1500-ДЕН АСА БҮЛДІРШІН ТАМАШАЛАДЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейін 1500-ден аса бүлдіршін тамашалады.

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні аясында Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі тарихи орынның мол мұраларымен танысуға қазақстандық бүлдіршіндер ғана емес ата-аналарымен бірге Малайзиядан – 2, Ресейден – 6, Өзбекстан Республикасынан – 14 бала және Қырғызстаннан 17 бүлдіршін келді.

Таңертеңнен кесенеге ағылған балғын балаларға арнайы экскурсия жүргізіліп, Тайқазан, Үлкен Ақсарай, кіші Ақсарай, асхана мен құдықхана бөлмелері және тарихи тұлғалар жайлы мәлімет беріліп, Рәбия Сұлтан Бегім ана, жерасты қылуеті мен шығыс моншалары таныстырылды.

ҚОРЫҚ-МУЗЕЙГЕ КІМДЕР ТЕГІН КІРЕ АЛАДЫ?

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне ақысыз кіру бойынша төмендегі мәліметтерді хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 16 сәуірдегі №103 бұйрығына сәйкес Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, Ауған соғысына қатысушыларға, он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға, мектеп жасына дейінгі балаларға, көп балалы аналарға музейге ақысыз кіруге болады. Жазғы үш ай демалыс кезінде мектеп оқушылары да музейге тегін кіре алады.

ФИЛЬМНІҢ ТҮСІРІЛІМІ БАСТАЛДЫ

Фильм түркі жұртының шаңырағы, рухани ілімнің бесігі - Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және осында жерленген тұлғалар мен тарихи орындар жайлы сыр шертеді.

Фильмді Түркістан облысы әкімдігі және «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің бірлесуімен «САҚ» киностудиясы түсіруде.

Тарихи оқиғалар мен тұлғалар жайлы кеңесші «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қызметкері – Күнсұлу Әсетова.

Фильмнің мақсаты – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларын насихаттау аясында руханияттың алтын діңгегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен онда жерленген хан-батыр, игі жақсылардың мәңгілікке тыныстаған мекенінің тарихын көрсету, көрсетілімдер арқылы танымдық көзқарасты арттыру болып табылады.

ҚОЛТАҢБА

ОПЕРА ӨНЕРІНІҢ ДҮЛДҮЛІ

Әлемге әйгілі опералық және камералық әнші (баритон) – Ермек Бекмұхамедұлы Серкебаев 1926 жылы 4-шілдеде Петропавл қаласында дүниеге келген.

Әкесі – Бекмұхамед Хусайынұлы Серкебаев (1896-1976), педагог, жазушы, ақын, драматург, Қазақстан Жазушылар одағының алғашқы мүшелерінің бірі, білім беру саласында ұзақ жылдар еңбек етті. Анасы – Зылиха Сабырқызы (1906-1997), бастауыш класының мұғалімі болып қызмет атқарған. Отбасы Алматыға қоныс аударып, үшінші сыныптан бастап жас Ермек қаладағы №54 орта мектепте оқиды. Жетінші сыныпта П.И.Чайковский атындағы музыкалық училищесінде оқуын жалғастырып, 1941-1943 ж. П.Чайковский атындағы музыкалық училищесінде скрипка класы бойынша білім алады. Алайда отбасылық жағдайларымен оқуын жалғастыра алмай, тастауға мәжбүр болады. Радиоға жұмысқа орналасып, диктор болып қызмет атқарды. Скрипка маманы болмақ Ермекті хор жетекшісі Антон Максимович Москаленко жеке әнші болуға шақырады. Хорда жұмыс істеген сәттен бастап-ақ ол опералардағы белгілі классикалық арияларды орындайды. Мәскеуде әндерін ұнтаспаға жаздырып, Левитанмен танысады. 1946 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясына қабылданып, Курганов сыныбында оқып, 1951 жылы оқуын ойдағыдай бітіреді. 1947 жылы Абай атындағы Опера және балет театрының шағармашылық ұжымына жұмысқа орналасады.

• 1947 жылы Қазақ опера және балет театрына солист болып кіреді.

• 1973 жылдан Алматы консерваториясының жеке дауыста ән айту кафедрасының оқытушысы,

• 1982 жылы профессор атанады.

• 50 ден астам шетел мемлекеттерінде (Румыния, Пәкістан, Франция, Үндістан, Қытай, Бельгия, Куба, Швейцария, Швеция, Финляндия, т.б.) өнер көрсетті.

• КСРО Жоғарғы Кеңесінің,

• Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды.

Ол тек әнші ғана емес кинофильмдерде де көптеген рөлдерді сомдады.

• 1957 - режиссер Ш.Айманов: «Біздің сүйікті дәрігер» - Тәкен;

• 1959 - КСРО, Орталық телевидение: музыкалық фильм «В этот праздничный вечер»;

• 1961 - режиссер Ш.Айманов: «Ән шақырады» – Досай Нұрланов;

• 1968 - режиссер Ш.Айманов: «Тақиялы періште» – Шыңғыс;

• 1976 - «Медеудегі кездесу».



Оның алған марапаттарының өзі бір төбе:

• Вокалистер конкурсының (Будапешт) лауреаты (1953);

• ҚазКСР халық әртісі (1956);

• КСРО халық әртісі (1959);

• ҚазКСР К.Байсейітова атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері (1972);

• КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері (1977);

• Октябрь Революциясы ордені (1984);

• 2 мәрте Ленин ордені;

• Еңбек Қызыл Ту ордені;

• Социалистік Еңбек Ері (1986);

• Петропавл қаласының Құрметті азаматы (1990);

• «Музыка» номинациясы бойынша «Тарлан» сыйлығының лауреаты (2000);

• «Жыл адамы» фестивалінің жеңімпазы (2011).

Қазақ өнерінің биік тұғырынан ойып орын алған Ермек ағаның қасиетті кесенеде болғанда қалдырған қолтаңбасы кім-кімге де ыстық көрінеді.

Дайындаған
Дина ӘДІЛБАЕВА

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Маусым айында дүниеге келген әріптестерімізге зор денсаулық, баянды бақыт, еңбектеріне шығармашылық табыс тілейміз!

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің ұжымы

МАУСЫМ		
1	Таңатаров Н.	02.06.1973
2	Ахметова М.	10.06.1971
3	Султанов А.	12.06.1959
4	Абилов М.	15.06.1956
5	Тастанбеков М.	22.06.1972
6	Исаев Б.	24.06.1989

ХАБАРЛАМА

Мамыр айында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қайырымдылық және демеушілік қорына 9 583 048 теңге түсті. Осы сомадан:

- банк қызметіне – 43 797,55 теңге,

- археологиялық қазба жұмыстарына – 5 724 504 теңге

- күзет қызметіне – 711 198 теңге

- мәдени іс-шара ұйымдастыруға – 85 000 теңге

- шаруашылық жұмыстарына – 82 210 теңгесі жұмсалды.

Қалған 2 936 338,45 теңге қорық-музейдің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, жалпы шаруашылыққа қажетті заттарды сатып алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге, күзет қызметіне, қорық-музейде өткізілетін мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға және т. б. жұмсалады.

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің баспасөз қызметі

КЕСЕНЕДЕ ЖЕРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАР

ЖОЛБАРЫС ХАН АБДУЛЛАҰЛЫ

Жолбарыс Абдуллаұлы XVIII ғасырда қазақтың Ұлы жүз рularын билеген ханы. Туған жылы шамамен 1690 жыл. Жолбарыстың әкесі – Абдулла хан (шамамен 1719 жылы қайтыс болған). Жолбарыс ханның нақты шежіресі белгісіз. А.Г.Оловинцев пен Г.Ж.Табулдин құрастырған шежіреде Жолбарысты Қасым хан ұрпағы ретінде келтірген, онда Қасым хан – Жәлім сұлтан – Тұрсын хан – Абдулла – Жолбарыс хан дей келе 1720-1739 жылдар аралығында Ұлы жүзге хан болды делінген. Тұрсын ханды Есім хан өлтірген соң, оның ұлы Абдулланы Есімнің ұлы Жәнібек хан тәрбиелейді деп келтіреді. Бұл шежіреде Жолбарыстың ұлдарын Әбілғазы хан мен Қошай Жолбарыс деп келтірген. Ол ташкенттік сарттың қызына үйленген. Басқа әйелдері туралы мәлімет жоқ. Жолбарыс ханның екі ұлы болған. Бірі болашақ хан Әбілғазы (Абулғазы, Аблязи, Әбіліз хан), екінші ұлы Рустем хан, оның ұлы Есмандыр хан, Есмандыр ханның ұлы Мамут хан, Мамут ханның ұлы Ханбаба хан.

Әртүрлі тарихи деректерде есімдері Жолбарс, Аувбасар, Джолбарс, Юлбарыс, Юлбарс, Dsholbars, Жолбарыс хан атауларымен аталады.

Ол 1720 жылдан 1740 жылға дейін билік құрды. Ұлы жүзге хандық билік жүргізу, Жолбарыс ханға тікелей өз әкесінен мұрагерлікпен берілді.

Жолбарыс ханның тұрақты ордасы Ташкент қаласында, ал жайылымдық жері аймақтың оңтүстігінде, Шыршық және Арыс өзендерінің аңғарларында, сондай-ақ, Түркістан аралығындағы жерлер болды.

1730 жылы Тәуке ханның баласы Үлкен Орда иесі Болат хан қайтыс болып, таққа талас басталды. Болат ханның інісі, Орта Жүздің ханы Сәмеке (Шахмұхамед) тақтан негізгі үміткер болды. Сондай-ақ, қалмақты қыруда үлкен ерлік танытқан және аса зор бедел жинаған Кіші жүз ханы Әбілхайыр да тақтан дәмеленді. Алайда, аға хан болып Болаттың үшінші ұлы Әбілмәмбет сайланды. Әбілхайыр бұған наразы болып, майдан шебінен әскерін алып кетті. Хандықтың заңды мұрагері болуға лайық Сәмеке де Шу бойымен Бетпақдалаға қарай өз әскерімен кері шегінді. Бұл реніштердің салдарынан жоңғарларға қарсы майдан шебі әлсірей бастады. Ұлы жүз ханы Жолбарыс өзі билеген қазақ рулары мен Ташкент тұрғындары атынан Жоңғар хандығына тәуелділігін мойындап, жоңғар әскербасына алым-салық төлеп тұруға мәжбүр болды. 1733 жылы Ұлы жүз ханының елшілері Аралбай мен Оразкелді Кіші жүздегі Ерәлі сұлтанмен бірге Ресейге барып, патшайым Анна Иоановнаға Ұлы жүздің Төле би, Қодар, Сатай, Хангелді, Бөлек сынды батырларының атынан жазылған хатын тапсырды. 1738 жылы қыркүйекте Анна Иоановна Жолбарыс ханның атына арнайы грамота жолдап, оның тілегінің қабылданғанын мәлімдеді. Бірақ жоңғар билеушілерінің қарсылығы және Ресей мен Ұлы жүз хандығы арасында саяси қарым-қатынастардың қалыптаспауы себепті Жолбарыс ханның саясаты жүзеге аспады. Жолбарыс Абдуллаұлы 1739 жылы Абылай ханмен тізе қоса отырып, жоңғар басқыншыларына қарсы күрес ұйымдастырды. Соның нәтижесінде Ташкент, Сайрам қалалары жоңғар әскерлерінен азат етілді. 1740 жылы сәуірде Жолбарыс хан Ташкент тұрғындарының қолынан қаза тапты. Орыс тарихшысы А.Левшин өзінің қазақтар туралы тарихи еңбегінде Жолбарыс хан қайтыс болған соң Төле бидің Ташкентті алты жыл бойы үздіксіз билегенін айтады. Жолбарыс ханның барлық іс-әрекеті қазақ мемлекетінің құрылу, даму кезеңдерінде зор маңызға ие болды. Ол тарихқа XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы тәуелсіз билеушілердің бірі ретінде енді.

Б.БАЙБОЛОВ,
М.ИСАЕВ

1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ!

БАЛАБАҚША – ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ

Әрбір қоғамның алдына қойған негізгі мақсаттиндеттерінің ең негізгісі – ұлттың келешегін қамтамасыз ету үшін аянбай еңбек ету болып табылады. Ал болашағымызды жас ұрпақсыз елестету мүмкін еместігі баршамызға мәлім. Жас балаларды тәрбиелеу ісі балабақшадан басталатыны бүгінде баршаға аян. Осы бағытта аянбай қызмет етіп келе жатқан тағылымы мол тәрбиешілер де баршылық. Тәрбие тал бесіктен демекші еліміздің болашақ жеткіншектерін дұрыс тәрбиелеуге Елбасымыз да бей-жай қарап отырған жоқ. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз жолдауында «2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет» – деп, қадап айтқан болатын. Сондай ақ Елбасы кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн екендігін атап өтті.

Халқымыздың даналығында «Баланы -жастан» деген сөз бар. Сондықтан тәрбиенің талбесіктен басталатынын ескерсек, ата-бабадан келе жатқан дәстүрді өзіміз түпкілікті түсініп,балаларымызға дұрыс ықпал ете білуіміз керек. Тәрбие – баланың сәбилік шағынан бесік жырымен біртіндеп іске асырылып санасына орныққаны абзал.

Мектепке дейінгі балалық – адам өміріндегі қысқа кезең, бар болғаны алғашқы жеті жыл. Бірақ баланы ересектерден бөлетін де дәл осы кезең. Қамқорсыз сәбидің біршама толыққанды, белсенді тұлғаға айналар сәті. Осы уақыт ішінде бала айналасында көргенді санасына түйеді. Тәрбиешінің сөзі саптауы, қылығы, барша іс әрекеті бүлдіршінге үлгі болады. Ал адамгершіліктің құнды қасиеттерінің негізі отбасында қалыптасатынын ұмытпауымыз керек. Бала өмірінде балабақша тәрбиешілерімен қатар ата ана, отбасының сыйлар маңызы орасан зор.

Сонымен қатар, ұрпақ бойындағы алғашқы білім мен тәрбие дағдылары да дәл осы мектепке дейінгі мекеме табалдырығында қаланады. Бүгінгі таңда елбасымыздың ұстанған үш тілділік бағдарламасы осы мектепке дейінгі мекемелерде басталып та кетті. Бала тәрбиесіне қадағалап баса назар аударсақ болашағымыз жарқын болуына кәміл сенуіміз керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен балабақша тәрбиешілерінің шешуші рөл атқаратынын басты назарда ұстанғанымыз абзал.

Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі және білім беру үрдісінде өткізілер әр түрлі шаралар көптеген ізденістер арқылы жүзеге асырылады. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді бойларына сіңіруге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады. Осы арқылы бала ертеңгі көкжиегіне талпыныс жасайды.

Айнұр МАРАЛБАЕВА,
«Бәйшешек» бөбекжай бақшасы МКҚК

ҚҰРЫЛТАЙШЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы

Бас редактор
Әбдікерім МАНАПОВ

Жауапты хатшы
Дәулет ҚОЖАМҰРАТОВ

Беттеуші-дизайнер
Асқарбек АСАНБЕКОВ

Редакцияның мекенжайы:
Түркістан қаласы,
Тәуке хан даңғылы,
282 «А» үйі
e-mail:
azret-sultan@mail.ru

Байланыс:
8 (72533) 3-23-00

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2016 жылғы 21 қыркүйекте тіркеліп, №16154-Г куәлігі берілген

Газет айына 1 рет шығады

Индекс 161200

■ Газетке жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда сілтеме жасалу міндетті.

■ Автордың мақаласы мен жарнама мазмұнына редакция жауап бермейді.

■ Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

ТАРАЛЫМЫ – 1000 ДАНА

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Шымкент қаласы,
Т.Әлімқұлов көшесі,
22 үй.

Кезекші редактор
Сәкен ШӘМЕТОВ

Тапсырыс № 1687